

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2016 жылдың 31 тамызындағы
№ 22 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2016 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Маркет-мейкерлер туралы
Қ А Ғ И Д А

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі № 64 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 30 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 10 наурызындағы № 8 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2022 жылдың 10 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) маркет-мейкерлері қызметінің жалпы нормаларын анықтайды.

1. Осы Қағидада пайдаланылатын "маркет-мейкер" ұғымы қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер ретінде таныған және тиісінше осы атаудағы қаржы құралдарын сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеулерді жариялауға және қолдауға міндеттеме қабылдаған, Биржа мүшесін және осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін иеленуінен туындайтын өзге де міндеттерді білдіреді.
2. Осы Қағидада пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен шартты белгілер Биржаның басқа ішкі құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ұғымдарға ұқсас.
3. Маркет-мейкерлер қызметінің мынадай нормалары Биржаның Басқармасы бекітетін Биржаның "Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері" ішкі құжатымен (бұдан әрі – Ережелер) анықталады:
 - 1) маркет-мейкер мәртебесін беру шарттары мен тәртібі;
 - 2) маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартудың шарттары мен тәртібі;
 - 3) маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру шарттары мен тәртібі;
 - 4) талаптар, құқықтар, міндеттер, тыйым салулар, шектеулер, ерекше шарттар, жеңілдіктер (преференциялар) жиынтығын, сондай-ақ сыйақы мөлшерін (ол болған кезде) және осы Қағиданың 12 тармағында белгіленген жалпы талаптарға қосымша бір түрдегі (атаудағы) немесе бірнеше ұқсас түрдегі (атаулардағы) қаржы құралдары бойынша маркет-мейкерлерге қолданылатын өзге де шарттарды қамтитын маркет-мейкерлерге арналған маркет-мейкерлердің маманданымы және/немесе бағдарламалары (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 5) маркет-мейкердің міндетін орындамағаны немесе бұзғаны үшін жауаптылық;
 - 6) Биржа мен маркет-мейкер арасында ақылы негізде маркет-мейкер қызметін көрсету туралы жеке келісім-шарттарды (бұдан әрі – жеке келісім-шарт), Биржа Басқармасы Ережелердің негізінде анықтаған, қаржы құралдар бойынша жасасу (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген*).
4. Биржа мүшесі маркет-мейкер мәртебесін өзінің биржадағы мүшелігінің санатына сәйкес Биржа өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасуға құқығы бар қаржы құралдары бойынша ғана алуға құқылы.
5. Биржа мүшесі осы баптың 4 тармағынан туындайтын шектеулерді және Ережелерде белгіленген шектеулерді ескере отырып, атауларының саны шектелмеген қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер бола алады.
6. Егер Ережелерде өзгесі белгіленбесе, қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесі Биржаның бірнеше мүшелеріне берілуі мүмкін.
7. Биржа мүшесінде қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінің болуы Биржаның осы мүшесіне басқа атаулардағы қаржы құралдарына қатысты қосымша құқықтар бермейді және осы Биржа мүшесіне басқа атаулардағы қаржы құралдарына қатысты қосымша міндеттер мен шектеулер қоймайды.
8. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер ретінде қызметті жүзеге асыра отырып, Биржа мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржаның ішкі құжаттарын және биржа мүшелерінің әдеп нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген Биржа мүшесі міндеттерін адал және толық орындауға және осы Қағидада, Ережелерде және/немесе жеке келісім-шартта белгіленген тыйым салуларды, шектеулерді, ерекше талаптарды сақтауы тиіс (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

9. Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуға құқылы, сондай-ақ Ережелерде белгіленген тәртіппен маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айырылуы мүмкін.
10. Биржа Басқармасы маркет-мейкер мәртебесіне қатысты келесі шешімдерді қабылдайды:
 - 1) маркет-мейкер мәртебесін беру туралы;
 - 2) өз еркімен бас тарту себебімен маркет-мейкер мәртебесінен айыру туралы;
 - 3) маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы;
 - 4) маркет-мейкер қызметтерін көрсету туралы жеке келісім-шарт жасасу/жасамау туралы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 5) маркет-мейкерлер бағдарламасына енгізуге арналған қаржы құралдар тізімін анықтау туралы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.
11. Кез келген атаудағы қаржы құралдары бойынша қандай да бір ұйымға берілген маркет-мейкер мәртебесінің қолданысы Биржаның осыған уәкілетті органының шешімі күшіне енген күннен бастап автоматты түрде тоқтатылады, оған сәйкес осы ұйымның биржада өткізетін сауда-саттықта осы атаулардағы қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға құқық беретін санат бойынша биржадағы мүшелігі уақытша немесе біржола тоқтатылады.
12. Ережелерде және/немесе жеке келісім-шартта өзгесі белгіленбесе және тайм-аутты пайдаланудың салдары болып табылмаса, қандай да бір атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген Биржа мүшесі сауда-саттық жүйесіндегі бүкіл сауда-саттық сессиясы ішінде өзінің сатып алуға кемінде бір міндетті баға белгілеуін және осы атаудың қаржы құралдары бойынша сатуға кемінде бір өзінің міндетті баға белгілеуін (осы Қағиданың 13 тармағында және Ережелерде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) жариялауға және/немесе қолдауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
13. Биржа өткізетін сауда-саттығы Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қандай да бір атаулардағы қаржы құралдарының уақытша тоқтатылған жағдайда немесе сауда-саттық жүйесінің жұмысында жаңылыстар болған жағдайда, осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкерлердің міндеттерін орындау осындай уақытша тоқтату (жаңылыс) уақытына тоқтатыла тұрады.
- 13-1. Ережелерде қарастырылған жағдайларда Басқарма маркет-мейкерге ықпалшаралар қолданбау туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
14. Осы Қағида Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс.

Осы Қағидаға енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды (өзектілендіру) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.

Осы Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ осы Қағида қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)